

Түркістан облысы
Төлеби ауданы
«Байшешек» бөбекжайы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Өндірістік жиналыс хаттамалары

Басталуы 2021-2022 оқу жылы

2021-2022
оку жылы

«Бәйшешек» бөбекжайында өткізілген өндірістік жиналыстың

№ 1 мәжіліс хаттамасы

Откізілген күні: 15 - қыркүйек 2021 жыл

Қатысқандар: Бөбекжай менгерушісі А.Е.Тургунбекова, әдіскер, шаруа менгерушісі, музика жетекшісі, медбике, аспаздар, бөбекжай тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері және т.б. барлық бөбекжай қызметкерлері

Қатысқандар саны: 25 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

- 1.Барлық қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру
- 2.Жұмыс орнындағы техника қауіпсіздігі және бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулармен таныстыру
- 3.Ішкі еңбек тәртібі, жұмыс кестесі күн тәртібімен таныстыру

Өндірістік кеңесті бөбекжай менгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркеңкызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырыды.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі қаралатын бірінші мәселе бойынша бөбекжай менгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркеңкызы сөйлеп, қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстырыды.Әр қызметкердің нені орындауды керектігі жайлы түсіндіріп, лауазымдық міндеттеріне жарапкершілікпен қарауды айтты.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Бектемирова А.Е. сөз сөйлеп, жұмыс орнындағы техника қауіпсіздігі және ұйымдастырылған оку қызметі, серуен, топта болған уақытта әр қызметкер өз жұмыс орнындағы сактық шараларын сактауды және аса маңызды бала өмірі мен денсаулығын қорғаудың нұсқаулықтарымен таныстырып, айтып өтті.

Жарыссызге шыққандар: бөбекжай медбикесі Потапова Н.В. сөйлеп, баланың бөбекжайда болған уақыттағы санитарлық - гигиеналық талаптардың сақталуы маңызды екенін айтты.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі қаралатын үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың кәсіподақ комитетінің төрайымы Наримбаева У.А. сөйлеп, ішкі еңбек тәртібі мен ішкі күн тәртібімен таныстырыды. Бөбекжайда еңбек

тәртібінің маңыздылығы жайлы айтып, ішкі тәртіп сақталмаған жағдайда бала өміріне қауіп төнестінін жайлы айтып отті. Бөбекжайдың ішкі еңбек тәртібінің ережесі мен жұмыс кестесімен таныстырып, бекітуге ұсыныс айтты. Бұл ұсынысты бөбекжай қызметкерлері түгел қолдады.

Өндірістік кеңестің шешімі:

- 1.Бөбекжайдың барлық қызметкерлері лауазымдық міндеттерімен таныстырылып, өз міндеттерін орындасын.
- 2.Жұмыс орнындағы техника қауіпсіздігі және бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулар талаптары сақталынсын.
- 3.Ішкі еңбек тәртібі, жұмыс кестесі, күн тәртібі бекітілсін.

Бөбекжай менгердіңіш

Хатшы:



Тургунбекова А.Е.

Бектемирова А.Е.

«Бәйшешек» бөбекжайында откізілген өндірістік жинальстырын

№ 2 мәжіліс хаттамасы

Откізілген күні: 17 - қараша 2021 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай менгерушісі Тұргунбекова А.Е., әдіскер, шаруа менгерушісі, змебике, аспаздар, бөбекжай тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері және т.б. барлық бөбекжай қызметкерлері

Қатысқандар саны: 24 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау. Жиһаздардың ахуалын тексеру, қауіпсіз жағдай жасау.
2. Шынықтыру –сауықтыру жұмыстарының барысы, жұмыстарының барысы, жарақаттың алдын алу үшін нұсқаулар жүргізу.
3. Балаларға ауру сырқаулық талдау жасау.
4. Ұжымда дұрыс психологиялық ахуал құру. Еңбек тәртібі.

Өндірістік кеңесті бөбекжай менгерушісі Тұргунбекова Акмарал Есиркепкізы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

Тыңдалды: Откен өндірістік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтіп, қорытындылады.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжайдың шаруа менгерушісі Арсланова А. сөйлеп, стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, жиһаздардың ахуалын тексеру, қауіпсіз жағдай жасау туралы айтты. Топтарды жабдықтау ережеге сай, яғни Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №615 қаулысына сай санитарлық - эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жүргізіледі. Жиһаздардың сынық болмауы, мықты бекітілуі, қауіпсіз жағдайда болуы күнделікті бақылауда болып, тексеріліп отырылады. Тәрбиешілердің, тәрбиеші көмекшілерінің, медбикенің топтарда қауіпсіз жағдайдың болуы керек екеніне жауапты екенін айтып өтті.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі Потапова Н.В. сөйлеп, шынықтыру- сауықтыру жұмыстарының барысы туралы және жарақаттың алдын алу үшін

жүргізілетін нұсқауларды таныстырыды. Балалар жарақат алмауы үшін, алдын ала балалардың ойын бөлмесінің, жатын бөлмесінің, ауланың т.б. бөлмелердің, заттарының, қауіпсіз болуы тексерілуі қажет екенін айтЫП, нұсқаулармен таныстырыды.

Шынықтыру -сауықтыру жұмыстарының барысы жоспарға, циклограммаға сай жүргізіліп жатқанын, яғни балалар таза ауага, серуенге өз уақытысымен шығады. Үйқыдан тұрған соң үйқы ашу жаттыгулары, нүктелі үкалау «Рига» әдісі т.б. шынықтыру түрлері жас ерекшеліктеріне сай еткізілуде деді.

Жарыссөзге шыққандар: Әдіскер Бектемирова А.Е. көзге арналған шынықтыру жаттығу түрлері туралы айтЫП, жасалу жолдарын көрсетті.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі қарапатын үшінші мәселе бойынша бебекжай медбикесі Потапова Н.В. балалардың денсаулығы туралы, яғни ауру сырқаулық туралы талдау жасады. Балалардың қандай ауру түрлерімен көбірек ауырып жүргенін айтЫП айтЫП, алдын алу шаралары туралы кенес оқыды.

Сөйлемді: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша кәсіподак кенесінің төрайымы Наримбаева У.А. сөйлеп, ұжымда психологиялық ахуал дұрыс екенін, қызметкерлер бір- бірімен жақсы қарым қатаста екенін айтты.

Өндірістік кенестің шешімі:

1. Стандарт талаптарына сай топтар жабдықталып, қауіпсіз жағдайда болуын қадағалау жалғастырылсын.
2. Шынықтыру сауықтыру шаралары жалғастырылып, жарақаттың алдын алу нұсқаулықтары сақталынсын.
3. Балалар ауруларының алдын алу жұмыстары жүргізілсін.
4. Ұжымда дұрыс психологиялық ахуал сақталып, еңбек тәртібі сақталынсын.

Бебекжай мәдениет министрінің

Хатшы:



Тургунбекова А.Е.

Бектемирова А.Е.

«Бәйшешек» бөбекжайында өткізілген өндірістік жиналыстың

№ 3 мәжіліс хаттамасы

Откізілген күні: 21 - сәуір 2022 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай менгерушісі Тургунбекова А.Е., әдіскер, шаруа менгерушісі, медбике, аспаздар, бөбекжай тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері және т.б. барлық бөбекжай қызметкерлері

Қатысқандар саны: 25 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Жаз мезгілінде азық-тұлік пен тамақтар сапасын арттыру «10-күндік ас мәзірін құру»
2. Тазалық, тамақтану, дезинфекция, ережесін сақтау. Шұғыл бақылау
3. Балабақшаның ағымдағы жөндеуі туралы

Тындалды: Өндірістік кеңесті бөбекжай менгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырыды. Өткен өндірістік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы айттып өтіп, қорытындылады.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжайдың медбикесі Потапова Н.В. сөйлеп, жаз мезгілінде азық-тұлік пен тамақтар сапасын арттыру және «10-күндік ас мәзірін» құру туралы сөйлемді. Жаз мезгілінің ас мәзіріне жемістер мен көкөністер, әр түрлі дәрумендер қосылған салаттар қосылатынын және нормасы көбейетенін айтты. 10 күндік ас мәзірін құруда осы айтылғандар қосылып, 10 күнде бір тағам түрі қайталанбайтынын және жаз мезгілінің ас мәзірі дәрумендермен толықтырылатынын айттып өтті.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі Потапова Н.В. сөйлеп, тазалық, тамақтану, дезинфекция, ережесін сақтау бойынша шұғыл бақылау нәтижесі туралы айтты. Тазалық сақтау, балаларды тамақтандыру, дезинфекция ережелерін орындау жұмыстарына күнделікті бақылау жүргізіп отырғанын және талап орындалмай қалған кезде, дәл уақытында ескерту беріп, түзеттіріп отырғанын айттып, қорытындылады.

Жарыссе зеңгішке шыққандар: шаруа менгерушісі Арсланова А.М. сөйлеп, жаз мезгілінің жақындағанына қарай, балабақша ауласының, бастырмалардың тазалағына көніл бөлу туралы ұсыныс айтты. Сонымен

қатар балалардың тамақ ішетін ыдыстарының шеті сыйнатындай жағдайда тез ауыстыру керектігін айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі қаралатын үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың шаруа менгерушісі Арсланова А. сөйлеп, балабақшаның ағымдағы жөндеуі туралы айтты. Оқу жылдарының сонына қарай әр топта кезекпен ағымдағы жөндеу жұмыстары, яғни әктеу, сырлау, кілем жуу т.б. жүргізілетінін айтты. Ұжымға әр топтың қызметкерлері ынтымақтасып, бір – біріне көмектесіп, бірге жұмыс жасауға шақырды.

Өндірістік кеңестің шешімі:

1. Жаз мезгілінің ас мәзірі құрылып, ас мәзірінің сапасы талапқа сай арттырылсын, 10-күндік ас мәзірі құрылсын.
2. Тазалық, тамақтану, дезинфекция, ережесін сактау бойынша шұғыл бақылау нәтижесі «жақсы» деп бағаланып, белең алған кемшіліктер жойылсын.
3. Шілде айының сонынан бастап бөбекжайда ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілсін.

Бөбекжай менгерушісі:

Хатшы:



Тургунбекова А.Е.

Бектемирова А.Е.